

Орман қорының жерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 494 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қызылорда облысы әкімдігінің орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің алаңы 8,97 га жер учаскесі, соның ішінде 1,52 га құрылыс салынған және 7,4 га басқа алқаптар орман қоры жерінің санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатынан тыс жер санатына ауыстырылсын.

2. Қызылорда облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесін көп салалы аурухана кешенінің құрылысына тұрақты жер пайдалануға "Қызылорда облыстық медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі